

БЕКІТІЛДІ  
Республикалық адвокаттар  
алқалар Төралқасының  
шешімімен  
2021 жылғы 07 қыркүйектегі  
№18 хаттамасы

## **Адвокаттардың біліктілігін арттыру ТӘРТІБІ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы адвокаттардың біліктілігін арттыру тәртібі (бұдан әрі – «Тәртіп») «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI Заңының (бұдан әрі – «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңы), «Заң») 68-бабы 2-тармағының 18-7) тармақшасына, 68-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына, 33-бабы 7-тармағының 13) тармақшасына, адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарына сәйкес әзірленді және бекітілді және адвокаттардың кәсіптік біліктілігін арттырудың нысандары мен тәртібін айқындайды.

1.2. Тәртіп Республикалық адвокаттар алқасының және аумақтық адвокаттар алқаларының интернет-ресурстарында орналастырылады.

### **2. Адвокаттардың біліктілігін арттыру саласындағы құқықтары мен міндеттері**

2.1. Адвокаттың құқығы бар:

1) осы Тәртіптің 8-тармағында белгіленген біліктілікті арттыру нысандарын өз бетінше таңдауға;

2) Республикалық адвокаттар алқасының, аумақтық адвокаттар алқаларының біліктілікті арттыру орталықтарында, осы Тәртіпке сәйкес аккредиттелген ұйымдарда өз қалауы бойынша біліктілігін арттыруға;

3) өзінің орналасқан жері бойынша да, осы Тәртіппен белгіленген шарттарда өзге де орындарда өз біліктілігін арттыруға;

4) өзі мүшесі болып табылатын аумақтық алқадан және Республикалық адвокаттар алқасынан біліктілікті арттырудан өтуге қажетті көмек алуға, сондай-ақ біліктілікті арттыру мүмкіндіктері туралы хабардар болуға тиіс.

2.2. Адвокат міндетті:

1) өз біліктілігін үнемі арттыруға;

2) біліктілікті арттыруға жұмсалған сағаттардың санын өз бетінше тіркеуге;

3) біліктілікті арттыруды растайтын құжаттарды кезекті біліктілікті арттырудан өту сәтіне дейін сақтауға.

4) өзі мүшесі болып табылатын аумақтық адвокаттар алқасының алдында

сертификаттар беру арқылы өз біліктілігін арттыру фактісін растауға.

2.3. Адвокат лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған жағдайда тиісті кезеңге біліктілікті арттыру жөніндегі міндеттерден босатылады.

### **3. Адвокаттардың біліктілігін арттыру саласындағы аумақтық адвокаттар алқаларының құзыреті**

3.1. Аумақтық адвокаттар алқалары:

1) біліктілікті арттыру жөніндегі алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық, оқу-әдістемелік және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

2) біліктілігін арттыруды кәсіби бақылауды ұйымдастырады;

3) біліктілікті арттыру бойынша жұмысты ұйымдастырады, оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

4) біліктілікті арттыру орталықтарын (бұдан әрі – Орталық) құруға құқылы;

5) аумақтық адвокаттар алқаларының, Республикалық адвокаттар алқасының біліктілігін арттыру орталықтарын, адвокаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдарды және оқытушыларды (тренерлерді) аккредиттеуді жүргізеді.

3.2. Әр жылдың қорытындысы бойынша адвокаттардың біліктілігін арттыру бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін талдайды және қорытындылайды.

### **4. Адвокаттардың біліктілігін арттыру саласында Республикалық адвокаттар алқасының құзыреті**

4.1. Республикалық адвокаттар алқасы:

1) адвокаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) Адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарын, Адвокаттардың біліктілігін арттыру тәртібін әзірлейді;

3) Республикалық адвокаттар алқасының біліктілігін арттыру орталығын құруға және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге құқылы;

4) Төралқа тұлғасында Республикалық адвокаттар Алқасы жанындағы адвокаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар ұйымдарды және оқытушыларды (тренерлерді) аккредиттеуді жүргізеді.

### **5. Адвокаттардың біліктілігін арттыру нысандары**

5.1. Адвокаттардың біліктілігін арттыру мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

1) біліктілікті арттыру орталықтары, сондай-ақ осы Тәртіптің талаптарына сәйкес аккредиттелген ұйымдар мен оқытушылар (тренерлер) жүргізетін

біліктілікті арттыру курстарында оқыту;

2) Республикалық адвокаттар алқасының және/немесе аумақтық адвокаттар алқаларының біліктілікті арттыру орталықтары ұйымдастырған семинарларға, тренингтерге, шеберлік сағаттарына қатысу;

3) Республикалық адвокаттар алқасымен және/немесе аумақтық адвокаттар алқаларымен бірлесіп ұйымдастырылған адвокаттық қызметке тікелей қатысы бар тақырыптар бойынша семинарларға, тренингтерге, шеберлік сағаттарына қатысу болып табылады;

4) адвокаттардың біліктілігін арттыру курстарында сабақтар жүргізу.

## **6. Біліктілікті арттыру бойынша шығыстары**

6.1. Біліктілікті арттыру адвокаттардың немесе аумақтық адвокаттар алқаларының есебінен жүргізіледі.

6.2. Біліктілікті арттыру тегін іс-шараларға қатысу және гранттар, өтеусіз көмек ретінде тартылған қаражат, сондай-ақ Республикалық адвокаттар алқасы мен аумақтық адвокаттар алқаларының өзге де көздері есебінен өтеусіз жүргізілуі мүмкін.

## **7. Адвокаттардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру тәртібі**

**7.2.** Адвокаттар біліктілікті арттыруды осы Тәртіпке сәйкес аккредиттелген Орталықтарда немесе өзге де ұйымдарда жүзеге асырады.

**7.2.** Адвокаттардың біліктілігін арттыру:

1) Республикалық адвокаттар алқасының біліктілігін арттыру орталығының;

2) аумақтық адвокаттар алқаларының біліктілігін арттыру орталықтарының;

3) осы Тәртіпке сәйкес аккредиттелген оқу орындарының, білім беру және өзге де мекемелер мен ұйымдардың, оқытушылардың (жаттықтырушылардың) қатысуымен жүзеге асырылады.

7.3. Біліктілікті арттыру жөніндегі іс-шаралар туралы ақпарат Республикалық адвокаттар алқасының және аумақтық адвокаттар алқаларының интернет-ресурстарында жарияланады.

7.4. Адвокаттардың біліктілігін арттыру бойынша іс-шаралар күндізгі, сондай-ақ қашықтықтан, онлайн оқыту арқылы өткізілуі мүмкін.

7.5. Іс-шара аяқталғаннан кейін біліктілікті арттырудан өткен адвокаттарға ұйымдастырушыны, сабақтың тақырыбын және өткізілген сағаттардың санын көрсете отырып, қағаз тасымалдауышта немесе электрондық нысанда сертификат беріледі.

Біліктілікті арттыру бойынша іс-шараның әр қатысушысына нақты іс-шараның сапасын, тиімділігін және пайдалылығын бағалау мәніне сауалнама толтыру мүмкіндігі беріледі.

Сауалнама нәтижелері тиісті біліктілікті арттыру орталығына немесе

аумақтық адвокаттар алқасына ұсынылуы тиіс.

## **8. Адвокаттардың біліктілігін арттыру орталықтары**

8.1. Орталықтар Республикалық адвокаттар алқасының және аумақтық адвокаттар алқаларының жанынан құрылуы мүмкін.

8.2. Аумақтық адвокаттар алқасының төралқасы оларда Орталықтар болмаған кезде осы Тәртіптің 9.1-тармағында белгіленген тәртіптен Республикалық адвокаттар алқасының және өздері құрылған басқа да аумақтық адвокаттар алқаларының орталықтарында, сондай-ақ аккредиттелген оқу орындарында, білім беру және өзге де мекемелер мен ұйымдарда, оқытушыларда (тренерлерде) адвокаттардың біліктілігін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиіс.

8.3. Аумақтық адвокаттар алқалары өздерінің интернет-ресурсында біліктілікті арттыру орталығының (орталықтарының) орналасқан жерін және аккредиттелген мекемелердің, ұйымдардың және оқытушылардың (жаттықтырушылардың) тізімін орналастырады.

## **9. Іс-шараларды аккредиттеу және тану**

9.1. Адвокаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға құқығы бар жоғары оқу орындарын, білім беру және өзге де мекемелер мен ұйымдарды, оқытушыларды (тренерлерді) аккредиттеу олар мынадай критерийлердің біріне сәйкес келген жағдайда Республикалық адвокаттар алқасы төралқаларының немесе аумақтық адвокаттар алқасының шешімімен жүзеге асырылады:

1) заң мамандықтары бойынша даярлау саласындағы білім беру қызметіне лицензияның болуы (кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін);

2) мамандығы бойынша адвокаттық қызметке қатысы бар ғылыми дәрежесінің (атағының) болуы;

3) заң пәндері саласында кемінде бес жыл оқытушылық қызмет өтілінің болуы;

4) адвокаттық қызмет өтілінің кемінде бес жыл болуы.

9.2. Аккредиттеуден айыру мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда;

2) осы Ережеде белгіленген талаптарды бірнеше рет (екі және одан да көп) бұза отырып, біліктілікті арттыру жөніндегі қызметті жүзеге асырған жағдайларда жол беріледі.

## **10. Адвокаттардың біліктілігін арттыру бағдарламалары**

10.1. Біліктілікті арттыру келесі бағдарламалар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) «Адвокат кәсібінің негіздері»;
- 2) «Азаматтық істер бойынша адвокаттық қызмет»;
- 3) «Қылмыстық істер бойынша адвокаттық қызмет»;
- 4) «Адвокаттық қызметтің өзекті мәселелері».

10.2. Кемінде бір жыл адвокаттық жұмыс өтілі бар адвокаттар «Адвокат кәсібінің негіздері» бағдарламасы бойынша міндетті оқудан өтеді.

10.3. Бағдарламалардың болжамды мазмұнын аумақтық адвокаттар алқаларының төралқалары бекітеді.

**10.4.** Біліктілікті арттыру бағдарламалары курстардан тұрады.

Біліктілікті арттыру курстары адвокаттардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруға, заң көмегін көрсету кезінде іскерлік қасиеттерін жетілдіруге бағытталған жаңа білім, білік және дағды алуына арналуы тиіс.

Курстар адвокаттық қызметке қатысты практикалық бағытта болуы керек және жоғары оқу орындарының теориялық бағдарламаларын қайталамауы қажет.

**10.6.** Біліктілікті арттыру курсының және (немесе) бағдарламасының 1 (бір) академиялық сағаты ұзақтығы 45 (қырық бес) минут болып белгіленеді.

## **11. Адвокаттардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын оқытушыларға (тренерлерге) қойылатын талаптар**

11.1. Адвокаттардың біліктілігін арттыруды адвокаттың қызметіне тікелей қатысы бар нақты кәсіптік салада педагогикалық, ғылыми және/немесе практикалық жұмыс тәжірибесі бар оқытушылар (тренерлер) жүргізуге тиіс.

## **12. Біліктілікті арттырудан өтуді есепке алу, бағалау және бақылау**

12.1. Аумақтық адвокаттар алқалары мен Республикалық адвокаттар алқасы өздері құрған біліктілікті арттыру орталықтары арқылы, ал олар болмаған жағдайда алқалардың төралқалары арқылы осы Тәртіппен белгіленген көлемде және нысандарда адвокаттардың біліктілікті арттыруын бақылайды және біліктілікті тұрақты арттыру жөніндегі міндеттерді атқарудан жалтарған адвокаттарға шаралар қолданады.

12.2. Жыл сайынғы біліктілікті арттыруды есепке алу мен бақылау әр күнтізбелік жыл бойынша жүргізіледі.

12.3. Тиісті курсты аяқтағаннан кейін Біліктілікті арттыру орталықтары, аккредиттелген ұйымдар немесе оқытушылар (тренерлер) есепке алу мақсаттары үшін уақытын, күнін, орнын, курстың атауын, оқытушыны/-ларды/, курс сағаттарының санын және бағдарламаны көрсете отырып, қатысушылардың тізімін ресімдейді.

## **13. Біліктілігін арттырудан жалтарғаны үшін жауапкершілік**

13.1. Біліктілікті арттыру жөніндегі міндеттерді, соның ішінде Адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарында, Адвокаттардың

біліктілігін арттырудың осы тәртібімен, Республикалық адвокаттар алқасының және аумақтық адвокаттар алқаларының шешімдерінде көзделген міндеттерді орындамайтын адвокаттар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылуы мүмкін.